

**ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ**



**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

*Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау
жүйесі*

БҰДСЖ деген не?



- БҰДЖ (Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі) Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1113 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 – 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мамлекеттік бағдарламасында қойылған мақсаттарға кол жеткізу жолдарының және бағыттарының бірі болып табылады.

БҰДСЖ-сі

- Елімізде халық денсаулығы мен емдеу сапасын жақсартып, жетілдіру мақсатында 2010 жылдың I қаңтарынан бастап Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілді.
- **Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің негізгі мақсаты**-пациенттің дәрігерді және медициналық мекемені еркін таңдауға, емдеу мекемелері арасында бәсекелестік орта құру мен медициналық қызмет көрсету үрдісінің ашықтығына негізделген

БҰДСЖ енгізу мүмкіндік береді:

- - емделушінің дәрігерді және медициналық ұйымды еркін таңдау қағидасын енгізу жолымен медициналық ұйымдар арасында бәсекеге қабілетті ортаны құруға;
- - сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсетуге медициналық ұйымдардың (медициналық қызметтердің жеткізушісі ретінде) уәжін жоғарлатуға;
- - емделушінің сапалы және қауіпсіз медициналық қызметтерді алу құқығын қамтамасыз етуге;



- - медициналық қызметтердің сапасын басқарудың тиімді халықаралық стандарттарын енгізуге (диагностика хаттамаларын және шығындарды өтеудің бірыңғай әдісімен емдеуді және науқасты клиникалық жүргізуді енгізу, медициналық ұйымдардың аккредиттеуін жүргізу);
- - соңғы нәтижеге бағытталған медициналық қызметкерлерге сараланған еңбекақыны төлеуді енгізуге;
- медициналық қызметтерді көрсету үдерісінің айқындылығын арттыруға;
- - мемлекет ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға;

- - басым бағыттар бойынша клиникалық нұсқауларды және хаттаманы әзірлеу және енгізуге;
- - өңірлерде ЖММК трансфертін енгізуге;
- - талаптарды өзгерту және электрондық технологияларды енгізу жолымен стационарда құжат айналымының деңгейін төмендетуге;
- - оқыту есебінен (топтық, жобалық оқыту, жұмыс орындарында оқыту, көшбасшыларда оқыту) қызметкерлер құрамы жұмысының тиімділігін арттыруға;
- - әлеуметтік қызметкерлер мен психологтардың штатын енгізуге.




● Оны іске асыру үш бағыт бойынша жүзеге асырылды:

- - пациенттің дәрігер мен медициналық ұйымды еркін таңдауын қамтамасыз ету, яғни тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде алғашқы медициналық-санитарлық көмек мекемелеріне (емханаларға) азаматтарды тіркеу бір ғана аумақтық-Әкімшілік бірлік тұрғысында тұрақты және уақытша тұратын мекен-жай бойынша жүзеге асады. Пациент тек бір ғана мекемеге тіркеле алады. Оның құжаты емхананың тіркеу талоны болып табылады. Ал тіркеу жылына бір рет, I қазаннан 3I қазанға дейін жүргізіледі.



- Ауыл адамдары қаланың емханасына тіркеле алмайды. Олар жергілікті жердегі аумақтық қағидаттар бойынша тіркеледі. Жалпы, дәрігерді таңдауға ауылдықтардан гөрі, қалалықтардың мүмкіндігі мол.
- -медициналық қызметтерді көрсетудің бәсекелестік ортасын қалыптастыру, енді жергілікті жердегі бас дәрігерлер ауылдағы стационарды сақтап қалу, ақшаны сыртқа жібермеу үшін әртүрлі жағдайларға баруы мүмкін.


A close-up photograph of a doctor's hands in a white lab coat. The doctor is holding a clipboard with a pen in their right hand, writing on a piece of paper. The background is slightly blurred, showing the doctor's torso and arms. The text is overlaid on the image in a bold, blue font.

**ҚР ДСМ 2009 жылғы 21 желтоқсандағы
«Республикалық және өңірлік емдеуге
жатқызу бюроларын құру туралы» № 860
бұйрығына сәйкес пациенттердің
медициналық ұйымды еркін таңдау
құқығын қамтамасыз ету мақсатында
облыстың медициналық-ақпараттық-
талдау орталығы (МИАЦ) жанында
жатқызу бюросы (бюро госпитализации)
құрылды. Учаскелік дәрігер аурудың
кодын көрсетіп, оны жатқызу бюросына
өткізіп, күту парақшасын алады.**

Пациенттердің медициналық ұйымды еркін таңдау құқығын қамтамасыз ету және осыған қатысты мекемелердің өзара қатынасын реттеу мақсатында күнделікті стационарлық емдеу-алдын алу мекемелерінен өңірлік емдеуге жатқызу «Портал госпитализации» арқылы ауруханадағы бос орындар жайында ақпарат беріледі. Осы мекемелерден алынған ақпаратқа сәйкес емханаларға облыс көлеміндегі ауруханалардағы және сұранысына сәйкес республика көлеміндегі клиникалардағы бос төсек орны жайында мәлімет беріледі.

БҰДЖ негізгі қағидаттары:

- - медициналық ұйымды және емдеуші дәрігерді еркін таңдау;
- - медициналық қызметтерді көрсету үдерісінің айқындылығы;
- - бәсекеге қабілеттілік;
- - түпкі нәтиже үшін ақы төлеу.



Емдеуге жатқызу бюросы қандай мақсатта құрылды?

- Емдеуге жатқызу бюросы (бұдан әрі - ЕЖБ) пациенттерді стационарға жоспарлы емдеуге жатқызудың жеделділігіне қол жеткізу мақсатында құрылды және БҰДЖ екі аса маңызды қағидатын жүзеге асырады: пациенттің еркін таңдауы және көрсетілетін медициналық қызметтердің айқындылығы. ЕЖБ емхана және стационар арасында келістіруші болып табылады және атқарылған жұмыстың қорытындысы ретінде бізде стационарға, емханалар мен пациенттерге арналаған өзара әрекеттесудің нақты құрылымы бар

Емдеуге жатқызу бюросы Порталы деген не ?

- Емдеуге жатқызу бюросы Порталы – бұл Қазақстан Республикасының әрбір тұрғыны үшін қолжетімді Ғаламтордағы вер – сайт, ол жоспарлы емдеуге жатқызуға жолдау жағдайларында клиника, емхана және пациент арасындағы орталықтандырылған Өзара Әрекеттесуді қамтамасыз етеді*. Емдеуге жатқызу бюросының www.bq.eisz.kz. вер – сайтында Сіз Порталда жасақталған кодыңызға сәйкес өңірлік және республикалық клиникалар бойынша ағымдағы күту парақтарын қарап, өз кезегіңізді бақылай аласыз.

Стационарда қалай емдеуге болады?

- Стационарда емделу туралы мәселені айғақтар болған жағдайда Сіздің емдеуші дәрігеріңіз шешеді, ол емдеуге жатқызу үшін қажетті зерттеулерді алдын – ала жүргізеді.
- - Өткізілген зерттеуден кейін емдеуші дәрігер Емдеуге жатқызу бюросының Порталында (бұдан әрі - Портал) өтінімді орналастырады.
- - Сіздің қалауыңызды есепке ала отырып және тиісті бос төсектер болған жағдайда клиниканы емдеуші таңдайды.



- Таңдалған стационарда орындар жоқ болса, емдеуші дәрігер Сізді баламалы клиниканы ұсынады.
- - Клиника емдеуге жатқызудың алдын – ала күнін белгіленгеннен кейін, дәрігер жолдаманы ресімдеп, сізге береді.
- - Жолдамада жоспарлы емдеуге жатқызудың автоматты түрде жасақталған коды және емдеуге жатқызудың алдын – ала күні көрсетіледі.

- Пациенттің өміріне қауіп төндіретін жағдайлар туындаған кезде клиникаға емдеуге жатқызу шұғыл түрде жүзеге асырылады.
- - Пациент клиникаға көрсетілген күні келуі тиіс.
- - Пациент келмеген жағдайда өтінімнің күші жойылады.



- * Жоспарлы емдеуге жатқызу – шұғыл емдеуді қажет етпейтін пациенттің жай- күйі барысында , пациентті амбулатория дәрігерінің жолдамасы бойынша стационарға емдеуге жатқызу.
- Шұғыл емдеуге жатқызу – бұл жедел медициналық жәрдем көрсету үшін стационарға шұғыл түрде емдеуге жатқызу. Шұғыл емдеуге жатқызу жазатайым оқиғалар, апаттар және тұрмыстық жарақаттар кезінде, жіті инфекциялық аурулар кезінде, ауыр улану кезінде және пациенттің денсаулығына қауіп төнетін болса кенет (жіті) жағдайларда жүргізіледі.

A pair of hands is shown holding a large, vibrant green leaf. In the center of the leaf, a small, stylized globe of the Earth is visible, featuring blue oceans and green continents. The background is a soft, out-of-focus blue. The text is overlaid in the center of the image.

**НАЗАР АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**